

**Мешіт** – Алла үйі, қасиетті инабат, ғибадат орыны. Мешітке он аяқпен сәлем беріп кіреді. Мұнда төрге, орынға таласпайды, әдепсіз сөйлеуге болмайды. Әр мұсылман Алла үйіне құрметпен қарауға міндетті. **Қағба**-Ислам дінінің қасиетті мекендерінің бірі. Дүние жүзіндегі барлық мешіттердің михрабтары осы жаққа бағытталған. Қағба-тас мәрмәрлерден жасалынған 15метрлік биіктіктегі кубтан тұрады. Қағба тасы «кисуа»деп аталатын қара матамен қапталған. Кисуаның шеттеріне алтын жіптермен Құран сөздері жазылған. Қағба-мұсылман әлемінің орталығы.

**Қажылық**- қасиетті жерге зиярат ету дегенді білдіреді. Мұсылмандар қажылық айлары деп аталатын арнайы уақытта Мекке қаласына сапар шегеді.